

**Қамқорқоршылық кеңестің
хаттамалары
2019-2020 оқу жылы**

Мектепшілік қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №1

Күні: 07. 09.2020 ж

Қатысушылар: ата-аналар комитеттері

Қатысқаны: 37

Өткізу форматы: ZOOM платформасы

1. **Мәселе.** 2020-2021 оқу жылының қашықтықтан оқыту нысандарымен таныстыру .
2. **Мәселе.** Қамқоршылық кеңесті құру. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту
3. **Мәселе.** 2015-2025 жылғы ҚР Қаулысымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына арналған 2018-2020 жоспарын жүзеге асыру мақсатында жұмыстар

1 . Мәселе: 2020-2021 оқу жылының қашықтықтан оқыту нысандарымен таныстыру .

Тыңдалды. Мектеп директоры Молдахаликов А.Н. 2020-2021 оқу жылының қашықтықтан оқыту форматына уақытша көшкендігі туралы түсіндірді. Оқу жылының осы форматтағы оқыту мақсаты мен міндеттерімен таныстырды. Қашықтықтан оқыту кезінде техникалық тұрғыдан, психологиялық тұрғыдан да дайын болуымыз керек екенін ескертті.

2015-2025 жылғы ҚР Қаулысымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына арналған 2018-2020 жоспарын жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізілді. 2020 жылдың 05.10. күні жоспарға сәкес «Зум» платформасы арқылы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. 0-11 сынып аралығында өткізілген ата-аналар жиналысының мақсаты: ата-аналарға 2020 жылдың жөндеу жұмыстары туралы есеп беру. Мектеп қаржысының қайда қалай жұмсалғандығын анық та нақты көрсетіліп, түсіндіріліп айтылды. Мектепшілік ата-аналар жиналысы болғандықтан ата-аналар жиналысының 05.10.2020 жылдың №2 хаттамасына тіркелді. Ата-аналардың барлығы да танысу мақсатында мектеп сайтына хаттама көшірмесі жүктелді.

2. **Мәселе:** Қамқоршылық кеңесті құру.

Тыңдалды: ДТЖО Ахметова М.Н.

Сыныптардың ата-аналарының атынан бір ауыздан Ибрава Турсункуль Кабеновна қамқоршылық кеңесінің төрайымы, көмекшісі ретінде Амирова Жанар Бибатыровна сайланды . 35 сынып ата-аналарының қолдауымен бір ауыздан келісіп сайланды. Мектепшілік іс-шаралар мен жұмыстарды шешуде ата-аналармен келісіп, қолдауымен орындалатыны түсіндірілді.

3. Мәселе: Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27-ші маусымда шыққан №355 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңесті құру бойынша ата-аналарға түсіндірілді. Ата-аналардың сайлау нәтижесі бойынша қамқоршылық кеңестің құрамы құрылды.

Шешімі: 1. « 2020-2021 оқу жылының қашықтықтан оқыту нысандарын әр қашан ата-аналармен таныстырып отыру.

2. Ата-аналарының арасынан қамқоршылық кеңес төрайымы болып Ибрава Турсункуль Кабеновна сайлансын. Ата-аналардың сайлау нәтижесі бойынша қамқоршылық кеңестің құрамы тізім бойынша құрылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Ибраева Т.К.

Хатшы:



Ахметова М.Н.